

Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет атқаратын инвесторлармен жасалған келісім-шарттарды тіркеу тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 30 наурыздағы N 23-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 2 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1486. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен.

ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығынан үзінді

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

14) "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторлармен келісім-шарттарды тіркеу тәртібі туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 30 наурыздағы N 23-б бұйрығы (2001 жылғы 2 мамырдағы N 1486).

Т ө р а ғ а

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Заңының 12 бабының 4 тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1 . Қ о с ы м ш а ұ с ы н ы л ғ а н :

1) Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет атқаратын

инвесторлармен жасалған келісім-шарттарды тіркеу тәртібі туралы Нұсқаулықты ;

2) Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет атқаратын инвесторлармен жасалған келісім-шарттарды тіркеу туралы Куәлік қалыбын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 28 наурыздағы N 5 "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен инвесторлар арасында жасалған келісім-шартты тіркеу тәртібі және келісім-шартты тіркеу туралы куәлік қалыбы туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" қаулысының күші ж о й ы л с ы н д е п т а н у .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер вице-министрімен
КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Инвестициялар жөніндегі
комитеті Төрағасының
2001 жылғы 30 наурыздағы
N 23-п бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет атқаратын инвесторлармен жасалған келісім-шарттарды тіркеу тәртібі туралы Нұсқаулық

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Заңының 12 бабының 4 тармағына сәйкес осы Нұсқаулық экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет атқаратын инвесторлармен жасалған келісім-шарттарды тіркеу тәртібін анықтайды, сонымен қатар тіркелген келісім-шарттарға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды тіркеуді анықтайды.

1. Келісім-шартты тіркеудің мақсаты

1. Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет атқаратын инвесторлармен жасалған келісім-шарттарды (бұдан былай Келісім-шарт) тіркеу келесі мақсаттар үшін жүргізіледі:

1) инвесторға белгілі жеңілдіктер мен преференциялар беру Келісім-шартының жасалған фактісін Қазақстан Республикасы атынан Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті (бұдан былай - Комитет) ресми түрде нақтылау;

2) Келісім-шарттың күшіне ену уақытын бекіту және Келісім-шарттың м е р з і м і н а н ы қ т а у ;

3) Жеңілдіктер мен преференциялар берілген инвесторларды есепке алу үшін Келісім-шартқа тіркеу нөмірін беру;

4) Инвестициялық жобаның жүзеге асуын қадағалау;

5) Мемлекеттің бақылау, тіркеу және статистикалық органдарына берілген жеңілдіктер мен преференциялар және олардың мерзімдерін көрсете отырып тіркелген Келісім-шарттардың саны туралы ақпарат беру.

2. Келісім-шарттарды тіркеу тәртібі

2. Комитетпен инвестор тарапынан Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап он бес күн ішінде Келісім-шарт Комитеттің инвестициялық жобаларды бағалау бөлімінде тіркелуі тиісті.

3. Егер Келісім-шартта күшіне ену уақыты одан да кеш уақыт болып көрсетілмесе, Келісім-шарт Комитеттің инвестициялық жобаларды бағалау бөлімінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

4. Келісім-шартқа енгізілген өзгертулер және толықтырулар осы Нұсқаулықтың 2 және 3 тармақтарында көрсетілген тәртіп бойынша тіркеледі.

3. Келісім-шартты тіркеу туралы куәлік

5. Келісім-шартты тіркеу туралы куәлік, Комитетпен инвестор арасында жасалған Келісім-шарттың тіркелгенін нақтылайтын құжат болып табылады. Келісім-шартты тіркеу туралы куәлікте:

1) Келісім-шартты тіркеу нөмірі;

2) Келісім-шарттың жасалған уақыты және мерзімі;

3) Инвесторға берілген жеңілдіктер мен преференциялар;

4) Берілген жеңілдіктер мен преференциялар мерзімі;

5) Берілген нақты гранттар.

6. Инвестормен Келісім-шартты тіркеу туралы куәлік, көрсетілген инвестордың жеңілдіктер мен преференциялар алғанын нақтылайтын ресми құжат болып табылады.

7. Куәлік көшірмесі және Келісім-шарттың данасы сақталу үшін Комитеттің мониторинг бөліміне беріледі.

4. Келісім-шартты тіркеу туралы ақпараттың жариялануы

8. Келісім-шарт тіркелген күнінен бастап 30 күн ішінде Комитеттің инвестициялық жобалар мониторингі бөлімі сәйкес мемлекеттік және жергілікті органдарға Келісім-шарттың тіркелгені туралы хабарлайды және жобаға жатырылатын көлемді және құрылған жұмыс орындарды көрсете отырып, осы Келісім-шартты Комитетте тіркелген және бұқаралық ақпараттар құралдарында тоқсан сайын жарияланатын Келісім-шарттар тізіміне қосады.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер вице-министрімен
КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Инвестициялар жөніндегі

комитеті Төрағасының
2001 жылғы 30 наурыздағы
N 23-п бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің
Инвестициялар жөніндегі комитеті

Экономиканың басым секторларында қызмет атқаратын
инвесторлармен жасалған келісім-шартты тіркеу туралы
КУӘЛІК

200_ жыл " _ " _____

(келісім-шарттың тіркеу нөмірі)

Осымен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің
Инвестициялар жөніндегі комитеті мен

(инвестордың атауы)

арасында жасалған келісім-шарт тіркеледі.

ҚҰЖК коды _____

Инвестициялық жобаның атауы және жүзеге асыру орны _____

Келісім-шарттың қолдану мерзімі _____

Берілген мемлекеттік нақты гранттар _____

Табыс салығы бойынша берілген жеңілдіктер _____

Жер салығы бойынша берілген жеңілдіктер _____

Мүлік салығы бойынша берілген жеңілдіктер _____

Кеден салығы бойынша берілген жеңілдіктер _____

Лауазымы _____

М.О. (колы) _____ (лауазымды тұлғаның А.Т.Ә.)